

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Түркістан қаласы

16.10.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Акимов Жақсылық Махмұтұлы, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Е.Сәбидолла, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гульмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, PhD, Шалхаров Ернар Сайлаубекевич, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, Б.Шарханова және ОПҚ.

Күн тәртібі :

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту.
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау
3. 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау.
4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Әр түрлі мәселелер
- 5.1 «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының э.ғ.к, аға оқытушы М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монографиясын университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну туралы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Сәбидолла сөз алып; 2024-2025 оқу жылының I-жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша емтихан түрлері жазбаша, тест, жоба қорғау, тәжірибелік болатынын айтты. Емтихан сұрақтарын пәндер бойынша ұсынылатын емтихан жоба, тәжірибелік тақырыптарын, оларды бағалау критерийлерін әзірлеу және бекітуге ұсыну қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды ағымдық емтихан ережесімен, бағдарламалық сұрақтармен және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылуы қажет екендігін айтты.

Шешім: 1.1 2024-2025 оқу жылының I-жартысындағы қысқы сессияда емтихан қабылданатын пәндердің емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары бекітілсін және емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды ағымдық емтихан ережесімен, бағдарламалық сұрақтармен және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша Экономика қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Г.Әзіретбергенова сөз алып; 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналағн үгіт-насихат жұмыстарының ұйымдастырылуы, жүргізілуі жөнінде айтты. ОПҚ кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізетін мектептер тізімін ұсынды.

Келесі сөз кезегін Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі М.Анламасова сөз алып; Жоспар бойынша оқытушылар мектептерге үгіт насихат жүргізу үшін баратын кесте әзірленгенін айтты.

Шешім: 2.1 Факультет кафедраларында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналған үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылып, жүргізілсін.

Үшінші мәселе бойынша Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев сөз алып; әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу жайлы қарастырсақ. 2024-2025 оқу жылына жаңадан білім беру бағдарламасы дайындалмады, бірақ қазіргі таңдағы жаңалықтарды назарға алатын болсақ, жасанды интеллектіні білім беру бағдарламаларына жаңа пән ретінде қосу немесе пән мазмұндарына енгізу студенттердің заманауи технологияларды меңгеріп, аналитикалық ойлау мен инновациялық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы бойынша өз ойларыңызды ұсыныстарыңыз болса ортаға салып қарастырсақ деп атап өтті.

А. Құралбаев өз сөзінде кафедраға қарасты БББ бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныс беру қажеттілігі айтылды. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаңа технологиялардың ықпалымен қарқынды түрде өзгеруде. Оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында маңызды орын алуда. ЖИ технологиялары білім беру процесін жетілдіру, оқу әдістерін жаңарту және студенттерге жеке көңіл бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әлеуетті құрал ретінде танылды. Сондықтан жасанды интеллектті білім беру бағдарламаларына енгізу — бұл оқу сапасын арттыру және студенттердің академиялық нәтижелерін жақсарту үшін стратегиялық маңызды қадам екендігін түсіндіріп өтті.

Құралбаев А. жасанды интеллект технологиясының туризм саласында қолданылуы, оның ішінде негізгісі аналитикалық талдаулар жүргізуде, жасанды интеллект технологиясын қолдану маңызды болғанын негізге алатын болсақ, 6B11157-Туризм білім беру бағдарламасының ішіндегі Туризм саласындағы Big Data пәнінің мазмұнына жасанды интеллект технологиясын енгізуді ұсынатындығын айтты. «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламасының білім алушыларын тарату қажет екендігін, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламасын алынып тасталынуы керектігі туралы шешім қабылдану керек екендігін айтып өтті.

Кафедра меңгерушісі Құралбаев А. білім алушы санының 10 жетпейтіндігін, бұл білім беру бағдарламасының топ болып құрыла алмайтындығын алға тартып, АК мүшелеріне білім беру бағдарламасын реестрден алу, қолданыстан шығару керектігін айтып, тағы да жан-жақты қарастырып шешім қабылдану мәселесін қарастыру керек екенін айтып өз сөзін аяқтады. Құқықтану кафедрасының меңгерушісі Е.Шалхаров сөз алып; БББ іске асыру үшін университеттің басты мүмкіндігі ретінде оның кадрлық және әлеуметтік ресурстарын, материалдық-техникалық базасын, ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз етуін басты назарға аламыз. Кафедра оқытушыларының арасында білім беру бағдарламаларының білім алушыларына оқыту үдерісін іске асыруда әдістемелік жұмыстар бойынша тәжірибе алмасу белсенді жүріп отырады. Өзара сабақтарға қатысу барысында оқыту үрдісінде қолданылған әдіс тәсілдер мен жаңа технологиялардың әлсіз және тиімді тұстары болса көрсетіліп, талқыланып отырады. Жалпы кафедрадағы жұмыстар оқу үдерісін оңтайландыруға, белсенділікті арттыруға, әдістемелік қамтамасыз етілуін жақсартуға бағытталған. БББ іске асыруда әліде жұмыстар жасалуы тиіс және кем тұстарын жетілдіру керек.

Шешім: 3.1 2024-2025 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы ақпарат назарға алынсын.

Төртінші мәселе бойынша факультет деканы Ж.Акимов сөз алып; факультетте профессор-оқытушылар ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына төменде көрсетілген ОПҚ ұсынылғандығын атап өтті. Мәжіліс мүшелеріне үміткерлердің ғылыми еңбектерін қысқаша таныстырып және үміткерлердің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына университет деңгейіндегі кезеңіне қатысуларына қолдау білдіруді ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдады.

№	ОПҚ толық аты жөні	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Туылған жылы	Телефон нөмірі (ватсапқа тіркелген)
1	Болганбаев Артур Дүйсенбекович	Менеджмент және туризм	қауымдастырылған профессор(доцент), PhD докторы	10	1981 жыл	87075427001
2	Мырзабекқызы Құндыз	Экономика, қаржы және есеп	қауымдастырылған профессор(доцент), PhD докторы	19	1982 жыл	87475700211
3	Сыздықова Азиза Оралбайқызы	Экономика, қаржы және есеп	қауымдастырылған профессор(доцент), PhD докторы	8	1991 жыл	87025629191
4	Амирбек Айдарбек Ануарбекулы	Халықаралық қатынастар	қауымдастырылған профессор(доцент), PhD докторы	22	1980 жыл	87757718764

Шешім: 4.1 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына жоғарыда аталған үміткерлер ұсынылсын.

Әртүрлі мәселелер бойынша факультеттің Оқу- әдістемелік комитет төрағасы, А.Алимбаева сөз алып; «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының э.ғ.к, аға оқытушы М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монографиясын университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну туралы айтты.

1. М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монографиясымен танысқаны туралы өз ойын айтты. Автордың монографиясы Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті жетілдірудің нарықтық тетіктерін зерттеудің өзектілігі қолданыстағы нарықтық құралдарды оңтайландыру және инновациялық секторды қолдау мен дамыту үшін жаңаларын құру қажеттілігімен негізделеді. Бұл елге өзінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, әлемдік аренада орнықты жағдайға ие болуға мүмкіндік беретінін айтты.

2. Монографияны университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну туралы мәселе бойынша «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының профессоры Г.Ж.Азретбергенова сөз алып: Инновациялық кәсіпкерлік жаһанданған экономика жағдайында елдердің экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігінің маңызды драйверін білдіреді. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан және табиғи ресурсы мол ел ретінде өз экономикасын әртараптандыру және инновациялық бастамаларды қолдау үшін орнықты тетіктер құру

қажеттілігіне тап болуда. Бұл тұрғыда нарықтық тетіктер инновациялық кәсіпкерлікті жетілдіру мен қолдаудың негізгі құралдарына айналуға.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін көптеген шығындарға әкелуі мүмкін. Себебі инновация ол жаңа бастама, жаңа идея болып табылады. Одан қандай нәтиже алатынын болжауға болады. Бірақ нақты тәжірибеде әртараптандыру керек. Монографияда кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыруда немесе қорландыруда мемлекеттік және қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте пайдалану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендету керектігін атап өтті.

Сондықтан автордың бұл зерттеу жұмысы ұлттық әдебиетке үлкен үлес қосады деп есептеуге болады. Осы негізде автордың дайындаған монографиясын университеттің Ғылыми комитетіне ұсынуға лайық деп ойлаймын. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдады.

Шешім: 5.1 «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының э.ғ.к. аға оқытушы М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монография қолжазбасын баспадан шығару жөніндегі ұсынысы Университеттің ғылыми комитетіне ұсынылсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



А.А.Алимбаева

